

Алматы қаласы әкімдігі
Тілдерді дамыту басқармасы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті
Филология және көптілді білім беру институты

**«Рухани жаңғыру жағдайында жоғары білім
жүйесінде мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру
мәселелері»**

**атты ғылыми-тәжірибелік конференция
материалдары**

2017 жылғы 6 қазан
Алматы қаласы

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚА:

Бас редактор

М.Қ. Ахетов – Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының басшысы, ф.ғ.к.

Жауапты редакторлар

Б.Ә. Қалымбет – Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының бөлім басшысы

Н.Н. Тоқсабаев – «Senim Group Consulting» ЖШС директоры

Құрастырушылар:

Н.Р. Шәймерден - Тілдерді дамыту басқармасының бас маманы

С.М. Ақназаров - «Senim Group Consulting» ЖШС әдіскері

Г.Ж. Жүсіпова - «Senim Group Consulting» ЖШС әдіскері

С.К. Атығасева - «Senim Group Consulting» ЖШС әдіскері

Жинақта қазақ әліпбиін біртіндеп латын қарпіне көшіру мәселелері мен оларды жүйелі шешу жолдары, латын графикасына негізделген әліпбидің сапасы мен білім саласына ықпалы және оның қолданыстағы ролі мен оқытудың теориялық аспектілері, лингводидактикалық принциптері мен әдістері, сондай-ақ пәнаралық интеграциялары жан-жақты талданып, ғылыми талдаулар жасалды.

Мақала мазмұнына авторы жауапты.

Ахмет Байтұрсынұлы терминдерінің білім беру мәселесіндегі маңызы

Ақжәсігітова А.О.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

6M020500 – «Филология» мамандығының 2-курс магистранты.

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., профессор, Салқынбай А.Б.

Ахмет Байтұрсынұлы терминдерінің білім беру мәселесіндегі маңызын сөз еткенде оның терминжасау талғамының биіктігіне тоқталмау біз үшін сын. Тіл білімінің атасы Ахметтің көздегені қазақ баласының сауатын ашу болды. Оның терминдері тіл біліміне, әдебиетке т.б. оқыту мақсатына негізделіп шықты. Сондықтан нақ ғылыми стиль Ахметтің термин жасау қызметінде бірінші орында тұрған жоқ. Себебі ол кездегі қазақ қоғамының әлеуметтік талабы халық ағарту, білімді көтеру болды. Яғни, Ахметтің терминді ана тілі сөзінен жасау керек деп қорытуының негізгі себебі – терминнің мектеп оқушысына міндетті түрде түсінікті болу керек екендігінде.

Бұл ретте, ғылым түсініктерін алғаш рет қазақ тілінде арнайы жасаушылар арасында А. Байтұрсынұлы айрықша көрінеді. Ол ұлттық тілімізде арнайы түрде термин жасаудың сол балаң кезінде тіл, әдебиет сияқты екі бірдей сала атауларын түгелдеп, бір сөзін де қалдырмай ұлттық тіл құралдарымен атап шықты. Бұл жерде терминді ұлттық тіл арқылы жасауды дұрыс көруі мен оны жүзеге асыра алуларының бірнеше негіздері болды. Мұның бір себебі, ғылым-білімнің арнайы оқу жүйесінен басқа да жолмен, яғни тіл, сөз, сөйлеу, жазу жүйелері арқылы да ел арасына тарау мүмкіндігі сол тұста мәдениет саласындағы басты мұраттардың бірі болды. Сол себепті Баку қаласында өткен түркі жұрттары жиынындағы басты мәселелердің бірі «пәнсөзін» жасау принциптері болып, аталмыш көзқарасқа

М А З М Ұ Н Ы:

Ақжігітова А.О. Ахмет Байтұрсынұлы терминдерінің білім беру мәселесіндегі маңызы	3
Амиржаева А.Т. Қазақ тілінен критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі	9
Дәулетбекова Ж.Т. Интеллектуалдық әлеуеті жоғары педагогтің кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру.....	18
Жүнісова М. Ұлттық мәдениетіміздің алтын бастауы — тіл	24
Камзина М.С. Тіл беделі — ұлт мерейі	41
Қызылбаева Ә. Қазақ тілінен оқытудың қатысымдық сөйлеу құзіреттілігін ІТ технологиясы арқылы қалыптастыру	45
Нұрмұхан Ә.С. Жағымды «күлкі» реңктерінің тілдік көріністері	54
Иманалиева Ғ.Қ. Қазақ тілі сабақтарында ұлттық құндылықтарды игеру арқылы жеке тұлғаны дамыту	59
Иманкүлова М. Қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдар және жаңашыл технологиялар үндестігі.....	64
Исмаил А. 12 жылдық білім берудің ерекшеліктері..... мен жетістіктері	75
Оразбаева Ф.Ш. Рухани жаңғыру: мемлекеттік тілдің қолданылу кеңістігі.....	81

Өміржанова Ж.Т. Қазақстандықтардың бірлігінің бейнесі — үш тұғырлы тіл	87
Шоранова Г.А. Ағылшын тілі — инновация мен интернет тілі	97
Шыныбек А. Қазақстандағы «Назарбаев Зияткерлік мектептерінің» дамуы мен ерекшеліктері	102
Салимова Н.Т. Қазақ тілін оқытудағы инновациялық технологиялар мен әдістер.....	111
Сатбекова А.А. Жобалай оқыту технологиясы — өнімді оқыту идеясын жүзеге асырудың тиімді жолы	120
Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқытудың аспектілері	128

мысалдарда да күлкінің қатты дөрекі түрі емес, жай ғана әдемі, жағымды күлкі реңкі бейнеленген.

Келесі еліктеуіштің түрі – ду-ду еліктеуіші. Бұл еліктеуіштің қолдану формасы кең: беті ду қызарды, ду қол шапалақ, ду күлкі. Енді күлкі формасының осы еліктеуішпен берілуіне назар аударайық. 1) *Балалар ду күлді. Мақсат да шыдай алмай, ішін басып булығы күлді* (С.С.) 2) *Отырған жұрт ду күлісті* (М.Ә.). 3) *Олжас сыныпқа кіргенде балалардың бәрі ду күлді.* 4) *Шаршағандарын ұмытып, ду-ду күлісіп сөйлей бастады* (О.Б.). Мұндағы ду күлкі – қатты күлкі, қалжыңмен түйреу бірақ жәбірлеу, қыпжақтау мазмұны жоқ.

Сақ-сақ еліктеуіші де жағымды күлкіні жеткізуші тілдік бірлік. 1) *Алғашқы күндердей-ақ саңқылдай сөйлеп, сақ-сақ күліп, думанға араласып кетті* (Ш.М.) 2) *Алыстан естілген сақ-сақ күлкісіне қарап Раушанды бірден тануға болады* (С.С.).

Тілдесу барысында жағымды күлкі қашан да сөйлеушіге жақсы әсер қалдыратыны рас. Тілдесім барысында жұмсалатын жағымды күлкіні тілдік бірліктер арқылы тура, дәл жеткізу автордың сөз байлығына тікелей қатысты. Талданған мысалдар бойынша көбінесе жағымды мәнді еліктеуіш сөздер береді дедік. Алайда еліктеуіш сөздерден бөлек күлкінің жағымды формасын білдіретін сөз тіркестері, тіл бірліктері бар.

Сонымен, күлкі - эмоциялық сезімді білдіруде ең жиі қолданылатын құбылыс. Адам шаттанғанда, мәз болғанда өз көңіл-күйін күлкі арқылы көрсетеді. Жағымды эмоцияны білдіретін күлкі құбылысының тілдік көрінісі әр түрлі болып келеді. Мақаламызда күлкінің жағымды реңкінің берілуіндегі сын есімдер мен еліктеуіштерге тоқталған болатынбыз. Күлкінің жағымды реңкін білдіру үшін сын есімдер де жағымды мәнде болып «күлкі» сөзімен тіркесіп келуі қажет. Екіншіден, еліктеуіштермен келген тіркестерде мәнін деңгейінде және еліктеуішпен тіркескен «күлкі» сөзінің мағынасына қарау керек.

Қазақ тілі сабақтарында ұлттық құндылықтарды игеру арқылы жеке тұлғаны дамыту

Иманалиева Ғ.Қ.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, доценті, ф.ғ.к.

Амирова М.Ж.,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,

ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы

Қазіргі әлемдік даму барысындағы жаһандану үдерісі экономика мен саясатта, әлеуметтік және қоғамдық өмірдің барлық саласында дерлік қанатын кеңінен жаюда. Жаһанданудың толқынында жұтылып кетпеу үшін өрелі халықтар өздерінің ұлттық кейпін сақтап қалудың қамын ойлап, әртүрлі амал-әрекеттер жасауда. Жаһандануға үйлесімді кірігу дегеніміз - ана тілі мен ұлттық сана, рухани байлықты, озық салт-дәстүр мен тарихи танымды сақтай отырып, адамзаттың алдыңғы қатар мәдениетін сонымен үйлестіре қабылдау арқылы әлемдік қауымдастықтағы өз орнында табу деген сөз. Бұған қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың сапасын арттыру, салт-дәстүрмен тарихи зердені нығайту арқылы қол жеткізуге болады. Елбасымыз өзінің «Қазақстандық жол» еңбегінде жаһандану жағдайында ұлтты сақтап қалатын бәсекеге қабілеттілік сапа туралы былай деп жазады: «Өзіндік ортада туған,

бәсекеге қабілетті тұлға, алдымен, өз халқының мәдениеті мен тілін білуі керек. Білім беру жүйесі арқылы сіңірілетін туған тілдің мәдени бастаулары мен рухани дәстүрлерін сақтау жас ұрпақтың бойында жаһанданудың барлығын жұтатын, бірыңғайлайтын және кіріктіретін үрдістеріне қарсы тұра алатындай иммунитеттің қалыптасуына көмектеседі» [1]

Қай халықтың болмасын, өзге жұртқа ұқсамайтын бөлек болмыс-бітімін даралап, өзіндік тағдырын айқындайтын басты белгілері- ана тілі мен әдебиеті, салт-дәстүрі, өнері мен әдебиеті. Ана тілі мен ұлттық әдебиет- ұлттың өткен тарихы мен бүгінгі тағдырының сабақтастығын орнықтыруда тұлғаралық мәдени қарым-қатынас орнатуда, жастарды гуманизмге, отансүйгіштікке тәрбиелеуде басты құрал болып табылады. Ұлттық мол мұраны жас жеткіншектерге меңгертуде әсіресе қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушыларына жүктелер міндеті зор.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің кез келген жанрын қазақ тілін оқыту үдерісінде пайдалану студенттердің тілін дамытудың, дүниетанымын қалыптастырудың, оларға ұлттық тәрбие берудің бірден-бір жолы болыптабылады. Соның ішінде әсіресе жастарға өнер-білім, тілүйретуде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Мақал-мәтелдер-әр халықтың өз даму тарихында басынан кешкен алуан түрлі оқиғалары, өзі аңғарған табиғат құбылыстары, қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынасы, мінез-құлқы, психологиясы жөніндегі жасалған қорытынды, тұжырымдардың түйіні, өмір тәжірибесінен жинақталған философиялық ойлардың ұтқыр да ұтымды, жатық та көркем көрінісі, фразеологиялық оралымдардың өңделіп, сырланып, әбден қалыпқа түскен тұрақты түрлері [2].

Студенттерге әр түрлі тақырыпта қазақ мақал-мәтелдерін жатқа айтуға дағдыландыру олардың тіл байлығының қалыптасуына өз ықпалын тигізеді. Сонымен қатар кейбір мақал-мәтелдерден қазақ халқының мінез-құлқын, ұлттық мәдениетін көруге болады. Мәселен: «Қызды асырай алмаған күн етеді, ұлды асырай алмаған күл етеді», «Қызға қырық үйден тыйым», «Қыз-мінезді келсін, ұл өнерлі келсін» деген мақал-мәтелдердің мәнісі-жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ. «Ел іші-алтын бесік», «Туған жердің тауы да ыстық», «Еліңе қарап,

ертеңіне қамдан» және т.б. осы тақырыптағы мақалдар, ең алдымен кімге болса да, туған жер, өсіп-өнген ел-отан аса қасиетті, қадірлі қымбат, ыстық деп көрсетеді. «Ананың сүті-бал, баланың тілі-бал», «Ананың құшағы жылы, күннің шуағы жылы», «Ағайын - алтау, ана - біреу», «Әке - асқар тау» сияқты мақал-мәтелдер ата-анаға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуді көздеген. «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Кісі елі - күміс, өз елің - алтын», «Өз елің - алтын бесігің», «Жат елдің қаршығасынан, өз еліңнің қарғасы артық» т.б. мақалдар туған елді, жерді басқа елдермен салыстырып, әркімге өз елінен артық ел жоқ екенін аңғартатын мақалдар. «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі», «Елін сүйген ер болар», «Ұранды ердің - ұрнағы қайсар» өз елін жаудан қорғау үшін қасықтай қаны қалғанша, ақтық демі біткенше алысу, сөйтіп дұшпаннан елін, отанын қорғап қалу халқын сүйген әрбір азаматтың міндеті болатындығын көрсеткен.

Дәрістің тәрбиелік бағыттылығын дамытуда ауыз әдебиетінің тағы бір үлгісі- жыраулар поэзиясының рөлі үлкен. Жыраулардың бай мұраларын қазіргі жастардың пайдаланатын тәлімдік құралы етіп, оларды елін, жерін сүюге, құрметтеуге баулып, адамгершілік қағидаларының басты ұстанымы екендігін жастар санасына сіңіру қажет. Тілді оқыту барысында елдің мәдениетімен, ұлттық ерекшеліктерімен таныстыра отыра оқыту керек. Қазақ тіліндегі көркем әдебиеттерді оқу, ауыз әдебиеті үлгілерін, қазақ халқының салт-дәстүрін насихаттау, жыраулар поэзиясымен танысу, ғылыми еңбектермен танысу, жазба жұмыстарын жүргізу, күнделікті оқу, үйрену арқылы ғана орындалады.

Қазақ халқы ұрпағының «Сегіз қырлы - бір сырлы» азамат болып дамуын, ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мәдениет құндылықтарының тәлімдік мүмкіндіктерін тиімді пайдалана отырып жүзеге асырып келді. Ол

құндылықтардың негізін жоғарыда айтып өткеніміздей, халқымыздың – әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлары құрайды. Қазақ фольклоры тілінің бейнелілігімен, көптеген мақал-мәтелдерінің мәнділігімен, мазмұндық өткірлігімен аса құнды қазына. «Өнер алды – қызыл тіл» деп, «Тоқсан ауыз сөздің, тобықтай түйінін» шешкен ата-бабаларымыз, халықтың өмірі мен тұрмыс-тіршілігінің алуан түрлі жақтарын қамтитын өзінше бір жылнама болатын, ұрпақтарға тәлім болатын асыл мұра қалдырған. Сол бай құндылықтардың ішінде, этномдени құзіреттілікті дәріптейтін мұра — батырлық дастандар. «Алпамыс», «Қобыланды», «Қамбар батыр», «Едіге», «Сырым батыр» және т.б., «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезіндегі елін, жерін сырт жаулардан қорғаған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай сияқты өз халқының мүддесі, арман-тілегі, туған жері үшін жан аямаған батырларға деген халықтың сүйіспеншілігі, азаматтарының рухани жан дүниесінің беріктігі, ерлігі мен патриоттық қасиеті.

Сол сияқты, «Қыз Жібек», «Айман- Шолпан», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» және т.б. лиро-эпостық жырлар мазмұны, рухани тазалықты, адамгершілік пен махаббатты паш ететін, халқымыздың этномәдениетінің асыл қазыналары. Міне, сол құндылықтардыда тәрбие құралы ретінде тек қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде ғана емес, жалпы жасөспірімдер мен жастарға білім беру мазмұнындағы олардың әрбірінің жеке ерекшіліктерін ескере отырып этномәдени құзіреттіліктерін қалыптастыру үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер негізі ретінде алуға болады.

Тілді меңгерту барысында басты мақсат-сөйлей білуге, өз ойын айта білуге, жаза білуге үйрету. Сондықтан бұл орайда коммуникативтік қарым-қатынас бірінші орында тұратыны белгілі. Ендеше қазақ тілі сабақтарында

жоғарыда айтылған ұлттық мұраларды пайдалана отыра, тіл дамыту жұмыстарына қатысты берілетін тапсырмалардың міндеттері төмендегідей болуы қажет:

- студенттердің оқу дағдыларын арттыру;
- сөйлеу және жазба тілдерін жетілдіру;
- шығарманың мәнін түсінуін қамтамасыз етіп, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- халық ауыз әдебиетінде ерлікті дәріптеген, ел қорғаған батырларды бейнелеген аулан түрлі жырлар, толғаулар, жыраулар, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер арқылы студенттерді ерлікке және елжандылыққа тәрбиелеу;
- ұлттық құндылықтарды сақтау.

Бүгінгі күнде жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, халықтық салт-дәстүрді аялай, ардақтай білуге тәрбиелеу-басты міндеттердің бірі. Жеке тұлғаның бойында патриоттық сезімді қалыптастырудың негізі ретінде оқыту-тәрбиелеу аясында қазақ тілі пәнінің рөлі, атқаратын қызметінің маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Ұлт жоспары – қазақстандық арманға бастайтын жол» // бқаңтар 2016ж.
2. Құрман Н.Ж. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері. Монография.-Астана, 2008.
3. Калиев С. Қазіргі оқу-тәрбие жүйесін этнопедагогикаландырудың теориялық негіздері.- Ұлт тағылымы, №1, 2001-17 б.